

17.08.2021 ж. № Z00041

Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет...

СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ АРАЙГҮЛ

*ШҚО, Семей қаласы, «№ 16 Төлеубай Аманов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Технология және көркем еңбек пәні мұғалімі*

Ұстаздықты ұлы нәрсе ретінде бағалап, жердің бетінде адам баласын тәрбиелеуден асқан абыройлы істің жоқ екенін дәлелдеген әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдоловтың ұстаз хақында айтқан құнды дүниелері өте көп.

Жарқырап тұрған күннің сәулесі іспеттес әр шәкіртіне нұрын шаша білген ұлағатты атау иелеріне көктегі ғарышкерден бастап жер астындағы кеншілердің барлығы қарыздар.

Өзінің мамандығына деген махаббатпен қатар алдында отырған әр шәкіртіне сүйіспеншілікпен қарап, әрқайсысын өзіндік ерекшеліктерімен бірге қабылдай алып жақсы көре алатын ұстаз – кемел ұстаз екені анық.



Өмірінде орын алар еңбек жолының барлығын ұстаздыққа арнап, қазіргі күнге дейін әр шәкіртін мақтаньшпен есіне алып отыратын Рымжамал Жумадилова - аталмыш мақаланың басты кейіпкері. Ұлы ақын Абай туған топырақтан нәр алып, өзінің білімге деген құштарлығын тікелей қасиетті жермен байланыстыратын Рымжамал ұстаздың жасы жетпістен асып кетсе де, кешегі қызмет еткен ордасын, ұйымшыл ұжымын, әр білім алушысын ұмытқан емес-ті.

Рымжамал Жұмаділқызы өзінің еңбек жолындағы жетістіктерінің барлығы жоғары оқу орнынан бастау алатынын да тілге тиек ете кетті. 19 жасында арман қуып қалаға келген болашақ ұстаз Алматы шетел тілдер институтына түсіп, неміс тілі факультетін 1973 жылы тәмамдап шығады.

4 жылдық жоғары оқу орнын аяқтаған жас ұстаз алғашқы еңбек жолын Абай ауданының Қызыл ту совхозындағы Ж.Молдағалиев атындағы орта мектепте неміс тілінен сабақ берумен бастайды. Алғашқы білім ордасында 12 жылға жуық қызмет еткен Рымжамал Жұмаділқызының өзінің шығармашылық жолында жеткен жетістіктері бір төбе, оқушыларының да көрсеткен нәтижелері бір төбе еді.

Өз ісінің хас шебері, маманы ары қарай тұрмыс құрып, балалы-шағалы болғаннан кейін, 1986 жылдары Семей қаласына қоныс аударып, кейіннен ұстаздық жолын №16 жалпы орта білім беретін мектепте жалғастырады.

Тіпті зейнет демалысына да қасиетті қара шаңырақтан шыққаны жайында да Рымжамал Жұмаділқызы ерекше бір мақтаныш сезіммен айтады.

Үш баланың анасы атанған Рымжамал ұстаздың ұл-қызы мұғалімдік жолды таңдап, ұлының Семей университетінде сабақ бергені, қызының да ағылшын тілінің маманы екені сұхбат барысында белгілі болды.

Тіпті балаларының білім беру жолын таңдағандарына бірден бір себепшісін өзі деп білетін мұғалім оларға «идеал ұстаз» моделін көрсете алғанына қуанышты екенін де жасырған емес-ті.

Ауыл мен қала мектептерінің арасында айырмашылықтың бар екенін сөз барысында айтып қалған ұстаздың қала өміріне, ортасына, тыныс-тіршілігіне үйреніп кетуіне тікелей әсер еткен адамдарға әлі күнге дейін алғысын айтып отыратынын да жасырмады. «Т.Аманов атындағы орта мектептің ұжымы өте білімді де білікті ұстаздарға толы болатын. Тамара Құмарова, Клара Сабиқанова, Ғазиза Жұмағалиева сынды мамандармен қызметтес болу тек қуаныш сыйлайтын. Себебі, бұл мұғалімдер өте қарапайым, білгенін үйретуден жалықпайтын шынайы ұстаздар болды. Мен сияқты ауылдан келген мұғалімге көп көмектері тигені де шындық», - деп Рымжамал Жұмаділқызы өзінің әріптестерін ерекше бір жылулықпен еске алғандай.

Т.Аманов атындағы №16 орта білім беретін мектепте 20 жылдан астам уақыт қызмет етіп, әр білім алушысына ерекше махаббатпен қарап, ұстаздық мейірім сыйлай білген Рымжамал Жұмаділқызының шығармашылық жолында да жеткен жетістіктеріне куә болар қағаздары да баршылық. Бергісі қалалық, ары республикалық деңгейлерде алған мадақтамалары, шыққан мақалалары мен ғылыми жұмыстары үнемі үздік деп танылып, қатарының алдында жүретінін ұстаз өзінің мамандығына деген махаббаттың нәтижесі деп таниды. Ұстаздың алдынан өткен шәкірттердің басым бөлігі жоғары оқу орындарын аяқтап, білімді маман, білікті қызметкер болып отырғаны да жалған емес. Ұстаздан білім алған оқушылардың ойында Рымжамал Жұмаділқызы өзіндік талабы бар, тәртіпті жақсы көретін ұстаз ретінде суреттелгенмен, мұғалімнің жүрегінен шыққан мейірімділікті бірінші естеріне алатындары сөзсіз.

Адамның бойынан табылатын ең асыл қасиеттердің барлығына ие болып, ұстаздық мамандығына деген махаббаттың нәтижесінде «кемел ұстаз» бола білген Рымжамал Жұмаділқызы он саусағынан өнер тамған ісмер екенін де мақтанышпен баяндайды. Жалпы білім беру бағдарламасы бір орында тұрмай, үнемі дамып, өніп, өзгертіп отырғандықтан ұстаздар қауымы да сол жылдамдықпен дамып отырулары да тиіс.

Еңбек жолының соңғы жылдарында білім беру бағдарламаларынан неміс тілі қысқартылып тастағаннан кейін, ұстаз бірден «технология» пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, пәннің оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеріп, талай қыздардың ине ұстап, жіп сабақтауларынан бастап, кесте тігіп, тоқыма тоқуларына дейін үйреткен болатын-ды.

Ұстаздың технология пәні бойынша да жеткен жетістіктері жетерлік. Талай көрмеге қойылатын туындыларды ойлап тауып, ерекше дүниелерді шығаруға бар күш-жігерін салатын Рымжамал Жұмаділқызы кез келген өзіне берілген істі жауапкершілікпен қарайтынын айтып, оқушылардың бойына тек қана пән бойынша емес, адами да құндылықтарды игерте алуға тырысқаны жайлы көп деректер келтірді. Технологияның да өзіндік қыр-сырын ашуға, оны оқытуға байланысты әдістемені де жетік меңгере алуы үшін өзінің көп ізденгені жайлы да әңгіме барысында тілге тиек етті. Кез келген істі бастарда ерекше нәтижеге жету үшін үнемі ізденіс үстінде болып, дамудың сатыларынан өту керектігін өзіне ғана емес, өзгелерге де үнемі айтып жүретін ұстаз қазіргі таңда еңбегінің зор жемісін көріп отырған зейнеткер.

Отыз жылдан астам уақыт еңбек еткен жолында тек қана екі білім ордасында қызмет еткен Рымжамал Жұмаділқызының әрекетін тұрақтылық деп көруге болады. Ал тұрақтылық – ең игі қасиеттердің жиынтығынан құралатыны белгілі. Жетпіске жетіп, әр сөзі нық, айтар ойы тиянақты ұстаздың қазіргі жағдайы үнемі кітап оқумен қатар, сүйікті іспен айналысудың нәтижесі деп тануға болатындай. Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болатыны сияқты, Рымжамал Жұмаділқызынан білім алған әр оқушы тек пән мазмұнын алып қана қоймай, рухани құндылықтарды да игергені анық. Оған ұстаздың әлі күнге дейін өзінің шәкірттерімен байланысып тұратыны дәлел болмақ.

Рымжамал Жұмаділқызына алғысын айтып, рақметін жаудыратын шәкірттердің көп болуы ұстаздың тікелей еңбек жолына байланысты екенін де жоққа шығаруға болмас. Өзінің ісі мен шәкіртіне деген сүйіспеншілікті қатар ұстап, нағыз ұстаз болып отырған Рымжамал Жұмаділқызы жас кезіндегі жасаған еңбегінің зейнетін көріп отырғанының өзін бақыт санайды.

Бақытты ұстаздардың қатары көбеймесе, сиремесін...

17.08.2021 ж. № Z00047

Технология пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

ҚАЛЫМБЕТ ГҮЛСІН ДҮЙСЕХАНҚЫЗЫ

Шымкент қаласы Абай ауданы

№ 82 К. Қасымұлы атындағы ЖОББМ

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Технология пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында:

«Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы . Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

- оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану

- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Технология - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн .

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Технология сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды .

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.
2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады
3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.
4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:
5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

17.08.2021 ж. № Z00051

Мәңгілік ел негізі – тіл

КАЛЫМТАЕВА АНАР САЯБЕКОВНА

Шахтинск қаласы № 6 жалпы білім беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толады. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан – 2050» - Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! (Нұрсұлтан Назарбаев)

Елбасы 2014 жылғы Жолдауында қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел ата - бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі.

Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атануы еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар.

Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізуді, еліміздің жүрегі Елорда тұрғызылды.

Қазақтың мәңгілік ғұмыры, ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды.

Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел! - делінген. Сонымен қатар, Президентіміз Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан – 2050» стратегиясының түпқазығы етіп алынғандығын алға тартты. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін баршамызға мәлімдеді.

Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан - жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберді. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама?

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол - Мәңгілік Ел», - деді Елбасы.

Мәңгілік Ел идеясын, ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болмақшы.

Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Бірлік – ол елдің рухани бірлігі, халықтың мәдени, тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту, ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс.

Сондықтан да «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тұжырымдамалық негізін философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді. Ол қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырып, дамытуға бағытталған. Осындай бір алғашқы қадамдардың қатарына «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы» Заңын жатқызуға болады.

Бұл «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы басты нық қадам деп қабылдауымыз керек. «Мәңгілік Ел» идеясының келесі тұғыры, негізі – Елбасы үнемі айтып келе жатқан елдің ішкі тұрақтылығы, халықтардың өзара достығы мен татулығы, бір - біріне деген сыйластық қарым - қатынасы.

Этнос және дінаралық келісім мен татулық Қазақстан дамуының басты тұғыры. Тек тату, бірлігі жарасқан ел ғана алға қойған мақсат - мұраттарына жете алады.

Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады.

Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды.

Тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты қолдаушысы. Ана тіліңді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ел тәуелсіздігін қорғаудың басты ұстанымы болуы тиіс.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын - бүгінгі жастар. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін, этностарды біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс.

Ел мәртебесіне, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ұлт зиялыларына да жүктелер міндет өте ауыр. Сол зиялы қауымның бірі - ұстаздар.

Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де – білім. Ілім мен ғылым - бұл қоғамдық мүдде. Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қашан да қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді.

Жастарымызды білім машығын игеріп, алған білімдерін күнделікті өмірде және «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру барысында тиімді пайдалана алуға баулу жолында еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етіп, ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасырына» айналуына сүбелі үлес қосып келе жатқанымызға мақтанамыз.

17.08.2021 ж. № Z00049

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

КАИРОВА ЭЛЬМИРА МАКСУТОВНА

Атырау қаласы № 3 мектеп-гимназия. Бастауыш сынып мұғалімі

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделі жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. Қызығушылықты ояту кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. Мағынаны ашу – кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер еңгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

18.08.2021 ж. № Z00056

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

БАУКЕНОВА ЖАЙГУЛЬ АБДУЛЛОВНА

Ақтөбе облысы, Алға ауданы
ЖСШ "Нұр Бала Би" балабақшасы
"Балбөбек" тобының тәрбиешісі

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады.

Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты - баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

- 8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша таңдау;
- Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;
- Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

- Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою .
- 4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру.
- Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);
- Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;
- Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;
- Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;
- Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады». Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді. Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасымен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр.

Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: «бір» және «көп»; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп — бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын т түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз.

№ Z00036 16.08.2021 ж.

«НАУРЫЗ ТОЙЫ»

САБИРОВА ГУЛБИКЕ КУРАМЫСОВНА

Атырау қаласы № 39 «Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

«Наурыз» әні әуенімен балалар залға келеді, төрде әже күтіп алады..

Әже: Қош келдіңдер , менің кішкентай немерелерім! Келіңдер жоғары шығыңдар ! Мереке құтты болсын! Қайырлы күн құрметті ата—аналар!

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, амансызба әже! Ұлы Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген көктеммен қазақ даласына Жаңа жыл келді! Жаңа жылда армандарыңыз орындалсн!Ақ мол болсын! Бақшамыз әнмен жырға толсын! Балалар, міне әжеміздің үйіне де келдік! Қараңдаршы, қандай керемет!

Әже: Ал балалар, бүгінгі мерекеге қандай сыймен келдіңдер, әндеріңді айтып , мерекеде көңіл көтерейік!

Ән «Наурыз келді!» (Ж.Қалжанова) хор

Әже: Жарайсыңдар балалар! Өркендерің өссін!

Бала: Келе жатыр жылымыз!

Мейрамдаймыз мұны біз!

Халқы сүйген мейрамды,

Қарсы алайық Наурызды!

(Наурыз ару келеді)

Әже: Уа халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық!

Бұл мереке , бұл тойдың,

Шашуларын шашайық! (шашу шашады)

Би «Қамажай »

Жүргізуші: Керемет! Тойымыз тойға ұлассын деп , енді Наурыз аруымызды тыңдайық!

Наурыз ару: Сәлем барша халқымыз!

Жайнатамын бар гүлді,

Сайратамын бұлбұлды!

Тіршіліктің бастауы

Наурыз айы мен болам!

Жүргізуші: Қош келдің, Наурыз ару! Өздеріңізге арнаған жырымызды қабыл алыңыздар!

1 бала: Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың!

2-бала: Қуанышы халықтың,

Құтты болсын Наурыз!

Збала: Ата бабам тойлаған,

Наурызым армысың!

4- бала: Әнім де саған, биім де,

Құт қонақ өзің үйімде!

Қуаныш сыйлап еліме,

Күлімде Наурыз, күлімде!

Әже: Көп рахмет! Балалар, бүгінгі күн ерекше күн! Ертеде бұл күні ата-апаларымыз жақсы киініп алып, бір-бірінің үйіне қонаққа барады! Және мерекенің жалғасы әнмен биге, көңілді ұлттық ойындарға жалғасқан екен! Сендер маған тамаша өнер көрсеттіңдер , менің де сендерге әкелген сыйым бар! *(қоржыннан асықтарын алып , шашады)*

Ойын «Асық жинау»

(шарты: әже қоржынынан асықтарды шашады, балалар шашылған асықтарды әуенмен жинап береді. Мақсаты: жылдамдыққа , ептілікке тәрбиелейді)

Әже: Керемет! Балалар, мерекені жалғастырып, бізге аңыз бен ертегіні алып келген құрметті қонақтарды шақырайық!

(Алдар мен бай келеді)

Алдар: Уа халқым, Наурыз құтты болсын!

Мен Алдармын! Мен Алдармын!

Балалармен ойнаймын! Ренжітетін сәбиді,

Тентектерден қорғаймын!

Бай: Армысыздар халайық! Ұлы істің ұлы күні Наурыз мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, төрлетіңіздер! Сіздерді көріп балалар қуанып отыр!

Бай : Солай ма, кане біз Алдар екеуміз күштеріңді сынап көрейік!

Ойын «Арқан тартыс»

(шарты: балалар екі топқа бөлінеді, арқанның екі шетінен тартады. Арқан қай жаққа қатты тартса сол топ жеңіске жетеді)

Алдар: Ой, шынымен де біздің балалардың күштері өте көп екен!

Бай: Балалар, осы Алдарды жұрттар бәрі айлакер дейді, бірақ мен сенбеймін! Алдаке, кане алдап көрші , көзіміз жетсін, көрейік өнеріңді! Бірақ мен ешқашан алданбаймын!

Алдар: Солай ма, Байеке, алдауыш қамшым үйде қалып қойыпты, астыңдағы атыңды бере тұршы, шауып барып алып келейін!

Бай: Қазір Алдаке, сенен аяғанымызды ит жесін! Мә! *(береді)*

Алдар: *(атқа мініп, кете барады)* Сау бол, Байеке! Мен кеттім!

(Әндетіп) Мен Алдармын, Алдармын!

Сақалымды талдармын!

Шығайбайды қатырып,

Атына мініп шабармын! (кетіп қалады)

Бай: Ой балалар, мен алдандым ба? Қап, құдай ай! (санын соғады)

Әже: Балалар, Шығайбайдың алданып қалғаны ай! Кане, бір би билеп берейік, көңілі көтерілсін!

Би «Қара жорға»

Шығайбай: Балалар сендермен өте қызық болды, менің басқа ауылдарға барып балаларды қуантуым керек және әлгі Алдарды тауып алуым керек, сау болыңдар!

Жүргізуші: «Ойын ойнап өсер бала бола ма?» – демекші келесі кезекте біздің сұлу қыздарымызды ойынға шақырайық!

Ойын «Киіз үй»

(шарты: ортаға орамал жайылады, қыздар жағалай тұрады, әуен ойнағанда билей жөнеледі, әуен тоқтағанда орамалдың шетінен ұстап көтереді. Мақсаты: ұйымшылдыққа, ептілікке тәрбиелеу)

Жүргізуші: Ал келесі кезекте , ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүр көрініске берейік!

Салт-дәстүр көрсету «Бесікке бөлеу»

«Бесік жыры»

Жүргізуші: Ал балалар , мерекемізді ары қарай жалғастырайық!

Бала: Наурыз келді тамаша,
Ән айтамыз таласа!

Ән «Туған жер»

(Әуенмен Қыдыр ата келеді)

Қыдыр ата: Армысыздар ағайын!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Ұлыс береке берсін!

Бәле-жала жерге енсін!

Қайда барсаң жолың болсын! Аумин!

Жүргізуші: Айтқаныңыз келсін!

Дендеріңіз сау , мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барша жұрт бақытты болсын!

Еліміздің несібесі көп болсын!

Көріскенше күн жақсы болсын!-деп ертеңгілігізді аяқтаймыз! «Наурыз-думан» әуенімен топқа балалар қайтады.

Жоспары:

- «Наурыз-көктем» әуенімен әже балаларды төрде қарсы алады, сөзі.
- Ән «Наурыз келді!» (Ж.Қалжанова) хор
- Мерекенің басталуы туралы тақпақ бір бала айтады.
- Әуен ойналып, Наурыз ару ортаға шығады.
- Әже шашу шашады.
- Би «Қамажай»
- Наурыз қыздың тақпағы
- Балалардың тақпақтары.
- Ойын «Асық жинау»
- Алдар мен Шығайбай келеді, құттықтау сөздері
- Ойын «Арқан тартыс»
- Көрініс «Алдардың айласы»
- Би «Қара жорға»
- Ойын «Киіз үй»
- Салт-дәстүр көрсету: «Бесікке бөлеу»
- Ән «Туған жер» (К.Дүйсекеев) хор
- Қыдыр ата келеді, бата береді.
- Жүргізушінің сөзі.

«Наурыз-думан» әнімен топқа қайту.

Қатысушылар: Жүргізуші, Әже, Наурыз ару, Алдар мен Шығайбай бай, Қыдыр ата.

Келе жатыр жылымыз!

Мейрамдаймыз мұны біз!

Халқы сүйген мейрамды,

Қарсы алайық Наурызды

1 бала: Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың!

2-бала: Қуанышы халықтың,

Құтты болсын Наурыз!

3 бала: Ата бабам тойлаған,

Наурызым армысың!

4- бала: Әнім де саған, биім де,

Құт қонақ өзің үйімде!

Қуаныш сыйлап еліме,

Күлімде Наурыз, күлімде!

№ Z00035 16.08.2021 ж.

БЕРЕКЕЛІ, МЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ!

ТЫНЫШҚАЛИЕВА АЙНҰР ТАҒАТАРҚЫЗЫ

Атырау қаласы № 39 «Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты:

1. Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту;
2. Күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік бері, ойлау қабілетін дамыту;
3. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу;

Көрнекілігі: зал іші күзгі суреттермен, мерекеге сай сарғайған жапырақтармен безендірілген, жемістер, жапырақтар.

Әуен ырғағымен тәрбиешімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, кішкентай бүлдіршіндер! Бүгінгі «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Күз мезгілі барлық үйге молшылық алып келсін.

Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын күз.
Мол өнімді ісімен
Таңдандырып халқын күз.

«Күзгі вальс» әні.

Тәрбиеші: Балалар қазір қай мезгіл?

Балалар: Күз мезгілі

Тәрбиеші: Қазір жылдың күз мезгілі екен. Ал күздің неше айы бар?

Балалар: Үш айы бар: қыркүйек, қазан, қараша

Тәрбиеші: Керемет! Дұрыс айтасындар!

(осы кезде ішке сары киім киген түрлі-түсті жапрықтанған алтын күз кіреді, әуенмен)

Алтын күз: Сәлеметсіздер ме балалар!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

Мен – Алтын күзбін!
Жайдары, жарқын жүзбін
Қонаққа келдім сендерге.
Сәбіз, картоп, тәтті алма!
Оған достым таң қалма!
Жапырақта сиқырлы
Ойын ойнар әр-түрлі

Тәрбиеші: Рахмет, саған алтын күз. Қабылдадық сыды біз! Отырыңыз жайғасып!

Ал, ендеше, балалар, бекер қарап тұрмаңдар.

Жапырақ пен сиқырлы, биімізді тез бастайық.

«Жапырақтар» биі.

Алтын күз: Жарайсыңдар, балалар! Қалай керемет билейсіңдер. Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын.

(кіші топтар балаларына слайд арқылы суреттерін көрсету)

Үстіне тігіп көк шатыр,

Астында қызыл дәу жатыр

(Қызылша)

Сырты жасыл қатты,

Іші қызыл тәтті

(Қарбыз)

Ағайынды бәрі

Шықса – көк, түссе – сары

(Жапырақ)

Тәрбиеші: Алтын күз, біздің балалардың сізге арнаған жемістер туралы тақпақтарын қабыл алыңыз.

• Мен шиемін, шиемін

Күннің көзін сүйемін

• Мен алмамын, алмамын

Таңдай татар бал дәмі бар.

(музыка сүйемелдеуімен залға жалқау қыз жүгіре кіреді, жан-жақты шаша бастайды)

Алтын күз: Балалар, бұл кім? Неге ол тентек болып жүр?

Жалқау қыз: Балалар, қараңдаршы, қандай күшті ойыншықтар келіңдер бірге шашып ойнаймыз.

Тәрбиеші: Балалар, ойыншықтарды шашуға болама? Сындыруға?

Балалар: Жоқ, ойыншықты ұқыпты ұстау керек.

Тәрбиеші: Сондықтан, жалқау қыз, ойыншықтарды жинау керек.

Жалқау қыз: (аяғымен тоқылдатып), жоқ жина» алмаймын (бұртияды)

Тәрбиеші: Егер сен жинайтын болсаң балалар саған тақпақ айтып береді.

Жалқау қыз: (қуана айтады) Ооо, онда жинаймын.

Балалар: ортаға шығып тақпақтарын айтады.

Сап-сары маңай

Күз түсті, дән пісті.

Сап-сары тоғай

Айтамыз алғысты.

Соңғы әнін айтып

Жапырақ ұшты

Құс кетті қайтып

Суық та түсті

Алақай! Алақай!

Сондада бізге

Шаттанды балақай!

Қызық көп күзде

Көрініп еліме
Күндері мереке.
Келдіғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Жалқау қыз: Керемет, жарайсындар, маған сендердің тақпақтарын ұнады. Ал, сендер өлең айта аласындар ма?

Тәрбиеші: Әрине, балалар, қане бәріміз орнымыздан тұрып, ән салып берейік Ән. ! «кап-кап.-,тук-тук »

Жалқау қыз:керемет ән! Енді бір ойын ойнап, көңілімізді көтеріп отырыңыздар.

Алтын күз: Ал, балалар, сендер әншіде бишіде екенсіңдер, олай болса сендердің ептіліктеріңді көрсетейік.

(ойын «жемістерде жинаймыз».Ойын шарты: Балаларды екіге бөлініп, себетке жемістерді жинайды. Жалқау қыз бен Алтын күз де ойынға қатысады)

Жалқау қыз: Тәртіпті бала болған қандай күшті. Менде сендер сияқты тәртіпті, ұқыпты қыз болуға тырысамын!

Тәрбиеші: Олай болса, жарайсың!

Жалқау қыз: Ал, енді мен үйіме барайын. Өз ойыншықтарымды жинайын. Сау болыңдар балалар.

Алтын күз: Балақайлар менінде басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым келіп қалыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше!

Тәрбиеші: Балалар, Алтын күзге рахмет, айтаық! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

(балалар алтын күзбен қоштасады,музыка ойнап, алтын күз шығып кетеді)

Тәрбиеші: Алтын күздің сыйы – жемістерден де дәм тататын кез келген сияқты. Тобымызға баруға жиналайық. Ал, келген қонақтарымызға Сау болыңыздар.

Күз берекелі, астықты болсын дейміз!

5.Күздің соңғы айында
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарайып
Сыбдыр-сыбдыр етеді.



№ Z00039 17.08.2021 ж.

Тақырыбы: «ҮЙШІК»

ШАЛДАРБЕК АЙДАНА УАЛИХАНҚЫЗЫ

Шымкент қаласы № 82 «Еркемай» бөбекжай бақшасы тәрбиеші

Мақсаты: Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беруге үйрету.

А) Білімділік: Пропп карта туралы білім беру, ертегі туралы білген білімдерін бекіту;

Ә) Дамытушылық: балалардың еске түсіру, қиялын, тілдік қатынастарын жетілдіру, сахналап, әңгімелеп беруге дағдыландыру.

Б) Тәрбиелеу: балалардың адамгершілік сезімдерін ояту.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ- жауап, әңгімелеп беру, мәнерлеп оқу, көрсету, талдау, пропп картамен жұмыс жасау, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, алты қалпақ, Мурашковский әдісі.


Билинг- компонент: аю- bear, тышқан- mouse, қоян –rabbit,

Сөздік жұмыс: Жауап қатпады –ешкім жауап қайтармады.

Пайдаланатын құралдар: Пропп карталар, ертегі мазмұнына сәйкес салынған суреттер, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий карталары, дүрбі, магнитофон, 3D көзілдірігі т.б.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Шаттық шеңбер: «Сиқырлату» М: Понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсете білуге үйрету. Дид. ойын: «Аңдардың тіршілігін ажырат» (Кольцеулий әдісі арқылы)</p>  <p>М: берілген аңдардың атын атап,</p>	<p>Балалар понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсетеді.</p> <p>Кольцелулий әдісі арқылы аңдардың тіршілігін ажыратады.</p> <p>(Білгендерін айтады)</p> <p>Берілген аңдарды атап, қажетті суретті тауып, сәйкестіреді. -Иә, кездеседі. -«Аю мен Маша»,</p>

	<p>қажетті суретпен сәйкестіруге , өзгергенін ажырата алуға үйрету. -Ертегілерде аңдар кездесе ме? -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Олай болса мен сендерді Ертегілер еліне апарып, театрда «Үйшік» ертегісімен танысамыз.</p> <p>Алдын-ала мен билет алып қойдым, барып Сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барайық.</p>	<p>«Түлкі мен қоян», «Үш аю», «Бауырсақ» т.б. Балалар сиқырлы кілемшеге отырып, Ертегілер еліне әуен арқылы ұшып барады. «Үйшік» ертегісімен танысады. Балалар билеттерін алып, сәйкес суретке барып отырап, көзілдіріктерін киеді.</p>
<p>Ұйымдастыру-ізвестіру</p>	<p>Ертегіні театрға барып, 3D көзілдірігін киіп, ертегімен танысады. Мурашковский әдісі арқылы ертегімен таныстыру.</p>  <p>Алаңда бір үйшік тұр екен. Жертесер тышқан жүгіріп келіп..... Жаңа сөзбен таныстыру: «Жауап қатпады» -Үйшікте не байқап қалды? -Одан кейін нелер келді? -Соңында үйшікпен не болды? Сергіту сәті: Етістікті тірек-сызба арқылы қимылдар жасайды.</p>	<p>Балалар театр орталығына барады. Ертегімен танысады. Мурашковский әдісі арқылы ертегімен танысады. Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ертегінің мазмұнын тыңдап отырады. Жаңа сөзбен танысады. -Қоян кездесті. -Түлкі, тышқан, аю... -Жаңадан үй салды. Етістікті тірек-сызбалар арқылы жаттығу жасайды. Карточкаларды көрсетіп, ертегіге салынған белгілерді ажыратады.</p>

	 <p>Балармен қайтадан топқа оралып, ертегіні Пропп картаға салып әңгімелеу.</p>	<p>Ертегіні Пропп карта арқылы тамашалайды. Ортаға екі бала шығып ертегіні әңгімелеп береді.</p>
<p>Рефлексивті-түзетушілік</p>	<p>6 қалпақ арқылы қорытындылау: -Көңіл күйін қандай? -Қандай әрекет жасадың? -Шығармашылық -Қандай жаңалық алдың? -Пропп картаме не істедік? Бағалау: «Смайликтер» арқылы мадақтау.</p>	<p>Балалардың жауаптары: -Көңіл күйім жақсы. -Театрға барды, ертегі тындадым. -Ертегіні әңгімелету. -Жаңа сөзбен таныстым: Жауап қатпады. -Пропп карта арқылы ертегімен таныстық.</p>

Күтілетін нәтиже:

Не білді? Пропп карта туралы түсінік алды;

Не меңгерді? Ертегіні әр түрлі тәсілдер арқылы әңгімелеп береді;

Не игеру керек? Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беріп, сахналай алады.

МАЗМҰНЫ

- *СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ АРАЙГҰЛ*
- *ҚАЛЫМБЕТ ГҮЛСІН ДҮЙСЕХАНҚЫЗЫ*
- *КАЛЫМТАЕВА АНАР САЯБЕКОВНА*
- *КАИРОВА ЭЛЬМИРА МАКСУТОВНА*
- *БАУКЕНОВА ЖАЙГУЛЬ АБДУЛЛОВНА*
- *САБИРОВА ГУЛБИКЕ КУРАМЫСОВНА*
- *ТЫНЫШҚАЛИЕВА АЙНҰР ТАҢАТАРҚЫЗЫ*
- *ШАЛДАРБЕК АЙДАНА УАЛИХАНҚЫЗЫ*